

12 дәріс. Музей экспозициядағы әдістемелік жұмыс аспектілері

Жоспар:

1. Экскурсия ұғымы
2. Таныстыру экскурсиясы
3. Білім беру экскурсиясы.

Музей экспозициясы ескерткішті көрерменге ұсынудың ерекше әдісі болып табылады. Оның кеңістігінде ескерткішті көрсетудің әдістері мен бағыттары қалыптасады. Солардың негізінде экспозицияны көруге келген адам, көрсетілімге қойылған бүкіл кешеннің сипатын толық ұғына алады. Мәселен, шебердің өмір сүрген уақыты жөнінде, оның шығармашылық әдісінің ерекшелігі жайында, өнердің даму сатысындағы стилдік өзгешелік туралы және т.б. жөнінде. Ескерткіштерді көрермендерге ұсынудың жетекші түрі экскурсия болып табылады.

«Экскурсия» ұғымы ХІХ ғасырда айналымға еніп, білім беру ісімен тығыз байланыста бекіді. Оның білім беру әлеуеті оқытуда көрнекілік ұстанымына сүйенетін ұстаздарға ертеден-ақ белгілі болған. Мәселен, экскурсия Ресейде оқу-тәрбие үдерісінің түрі ретінде 1804 ж. қабылданған «мектеп жарғысында» бекітілуі кездейсоқ емес. Бұл құжатта табиғатта серуендеудің, қолөнер шеберханаларына және т.б. орындарға барудың қажеттілігі айтылды. Сол уақыттан бастап бұл әдіс мектептерде жаңа білімдер мен әсерлерді қабылдауға көмектесетін оқудың демократиялық түрі ретінде кең қолданысқа ие болды.

Музей ісінің даму тәжірибесін және оның білім беру қызметінің дамуын есепке ала отырып, экскурсияны білім беру қызметінің (ағартушылық) түрі ретінде анықтаймыз. Ал оның мазмұны жалпылама болып келетіндей (көзбен шолу, ауызша, қызу) білімді және әсерді қабылдау мақсатында экскурсия жолын көзбен көру ұсынылған.

Музей экскурсиясының басқа білім беру түрлерінің алдындағы артықшылығы, оның қабылдау нысандары түпнұсқа болып келеді, ал олардың ауқымы өте кең – табиғи ескерткіштен өнер туындысына дейін. Олар табиғат пен өркениеттің, нақты бір дәуірдің, автордың немесе бір халықтың даму үдерісінің бейнесі ретінде үлкен танымдық әлеуетке ие болып келеді.

Түпнұсқамен қарым-қатынасқа түсу қоршаған ортаны түсіну мен сезінуге үйретеді, адамның шығармашылық мүмкіншіліктерін бағалауға көмектеседі, бір сөзбен айтқанда мәдениеттің негіздері мен білімге араластырады. Экскурсия – бұл көрермен және ескерткіш арасындағы делдал болып табылатын музей педагогымен байланыс. Онымен қарым-қатынас көрермендердің қабылдауын байытады, оның дербес пікір білдіру мен өзара ықпалдасу қабілетін дамытады. Бірақ мұның бәрі, делдалдың арнайы психологиялық-педагогикалық дайындығы және экскурсиялық жұмыстың ерекшеліктері мен музей ескерткіштерін талдау түрлерін игерген болса ғана жүзеге асады.

Танымалдылығы мен педагогикалық нәтижелігі жағынан дәстүрлі экскурсия музейлік білім берудің ең демократиялық түрі болып табылады. Оның басымдылығы келесідей аспектілермен анықталады:

- экскурсия түпнұсқаға сүйенеді;
- оқу үдерісі музей ескерткішін қабылдаудың тиімді ортасы саналатын музей залдарында жүреді;
- білім беруде делдал болып табылатын музей қызметкерімен (экскурсовод) байланыс жасау қабылдауды байытады, өз бетінше пікір жасауды және өзара қатынасты дамытады.

Көркемөнер музейінің білім беру тәжірибесінде экскурсияның мынадай негізгі төрт түрі қалыптасқан: таныстыру, білім беру, дамыту және тәрбиелік.

Таныстыру (шолу) экскурсиясы. Өзінің атының айқындығынан байқалып тұрғандай оның таныстыру сипатының міндеттері жетекші болып келеді. Шолу экскурсиялары алғашқы музейлермен және музей коллекцияларымен қатар пайда болып, бүгінге дейін олар ең алдымен музейге бірінші рет келіп, ол туралы жалпы мағлұмат алуды қалайтын келермендерге арналған. Көп жағдайда бұл туристер. Өйткені олар шектеулі уақыт ішінде музей экспозициясы ұсынатын білім саласын ақпарат алғылары келеді. Осылайша олардың шолу экскурсиясы барысында алатын мәліметтері жалпылама сипатқа ие болып, экспозицияны толық таныстыруды болжайды.

Таныстыру экскурсиясының мазмұны мен негізгі сұрақтарын төмендегідей қисынға келтіруге болады:

- музей ғимаратының архитектурасымен және тарихымен танысу;
- музей коллекциясының тарихымен және мазмұнымен танысу;
- музей экспозициясының негізгі бөлімдерімен жалпылама танысу;
- музей экспозициясының негізгі бөлімдері мен музей коллекциясының жарқын көрінісі болып табылатын жекелеген құнды экспонаттармен танысу.

Көрсетілген тақырыптардың әрқайсысы бойынша ақпаратты тең дәрежеде не болмаса әртүрлі етіп бөлу уақытқа, қалыптасқан жағдайға немесе экскурсиялық топтың тілектеріне байланысты болады. Шолу экскурсиясы барысында басты назар қандай да бір белгіленген сұраққа аударылуы мүмкін, соған байланысты қалған мәселелерге шектеулі уақыт беріледі. Ережеге сәйкес танысу экскурсиясы ересек адамдарға бағытталған және ағартушылық сипатқа ие. Алайда ол оқушылармен жұмыс барысында да қолданылады, егер олар музейге алғаш рет келген болса. Ересек аудиториямен жұмыс кезінде оның ұзақтығы жағдайларға және топтың тілегіне байланысты болып келеді.

Білім беру экскурсиясы. Әрине білім беру сипатының элементтері кез келген экскурсияда кездеседі, дегенмен олардың басымдылық маңызы білім беру түріндегі экскурсияда. Білім беру (тақырыптық, монографиялық) экскурсиясы түрлі жас аралығындағы (кішілерден басқасы) кең көлемді аудиторияға және кез-келген әлеуметтік топқа бағытталу мүмкіндігіне ие. Алайда көбіне мұндай экскурсияға келушілер – жасөспірімдер мен студент жастар. Нақтырақ айтқанда, жалпы білім беретін мектептердің орта және жоғары сынып оқушылары, колледждер мен жоғарғы оқу орнындарының

студенттері. Көрерменнің дайындық деңгейі мен нақты білім беру мақсатына қарай экскурсия мұндай түрі әрқилы білім беру міндеттерін шеше алады. Мұндай міндеттер экскурсияға келген білім алушының мектебіндегі, колледжіндегі немесе университетіндегі оқыту бағдарламасымен үйлесіп жатуы мүмкін. Сонымен бірге оларға қатысы жоқ арнайы міндеттер де болуы мүмкін.

Білім беру экскурсиясының басты мақсаты – танымды кеңейту. Оның ішінде тірек жалпы ақпарат беруден нақты бір тақырыптың тереңірек ашылуына ауысады. Міне осыған байланысты білім беру экскурсиясы танысу (шолу) экскурсиясы түрінен ерекшеленеді.

Білім беру экскурсиясының нақты танымдық міндеттері оның негізгі тақырыбымен анықталады. Мәселен, «XVIII ғ. басындағы әлемдік көркемөнер» тақырыбындағы экскурсияда келесіндей міндеттер қойылуы мүмкін:

1. XVIII ғ. әлемде орын алған ірі саяси оқиғалардың бейнелеу өнерінің қалыптасуында көрініс табуы;

2. осы кезеңнің кескіндеме жанры мен бейнелеу өнерінің мағынасына және ерекшелігіне сипаттама беру;

3. XVIII ғ. басындағы мәдениеттің зайырлылығын ашып көрсету;

4. Осы дәуірдегі батыс-европа мәдениетіндегі өзара ықпалдастықты айқындау және олардың басқа аймақтармен байланысын көрсету.

Білім беру экскурсиясының міндеттер шеңбері мен тақырыбын топтың ерекшелігімен – оның деңгейімен, тілектерімен және экскурсияға берілген уақытпен байланыстыру қажет. Белгілі бір деңгейде олар экскурсияның дамыту түрінің тақырыбымен жанасуы мүмкін. Мәселен, «Бейнелеу өнерінің тілі», «Кескіндемедегі түс».

Бұл жағдайда дамыту мақсатының басты екіпіндерін білім беруге аздап қана ауыстыру қажет. Егер оқушылардың алдын-ала жүргізілген дамыту экскурсиясы барысында алған көркемдік деңгейі жоғары болса, онда бұл әдіс нәтижелі болады. Аталған экскурсиялардың білім беру сипаты олардың міндеттері мен мазмұнын түсінудің басқа жолын ұсынады. Мәселен, «Кескіндемедегі түс» тақырыбын ашу барысында дамыту экскурсиясының басты міндеті оқушыларда түстерді көре алу қабілетін жетілдіру болса, ал дәл осы тақырыптағы білім беру экскурсиясы танымдық бағыт алып, онда көркемдік шығарманың көркем-бейнесін ұғынудағы түстің рөлі түсіндіріледі.